

9 маусым,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛДАҒЫ ШАРУАЛАР

ОБЛЫС БАСШЫСЫНАН ОҢ БАҒАСЫН АЛДЫ

ӨТКЕН СӘРСЕНБІ КҮНІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНА КЕЛДІ. МҮНДА ЖАС КӘСІПКЕР СЕРІКБОЛСЫН ТӨЛЕУОВ СҮТ ӨНІМДЕРІН КӨБЕЙТУГЕ ТӨУЕКЕЛ ЕТІП ОТЫР. ОЛ ҮШІН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНАН 30 БАС СҮТТІ СИЫР ӘКЕЛІП, АРНАЙЫ СҮТ САУАТЫН ҚҰРЫЛҒЫ АЛҒАН ОЛ МАЙ-ҚАЙМАҚ, СҮЗБЕ, АЙРАН, ҚҰРТ СЕКІЛДІ ӨНІМДЕРІН АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ДҮКЕНДЕРГЕ ҚОЙҒАН. ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 50 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БОЛАТЫН СҮТ ФЕРМАСЫ ТӨУЛІГІНЕ 500 ЛИТР СҮТ ӨНДІРУГЕ ҚАУҚАРЛЫ. МҮНЫҢ БӘРІНЕ КӘСІПКЕР ӨЗ ҚАРАЖАТЫН ЖҰМСАДЫ. ӨР СИЫРДАН 7-8 ЛИТР СҮТ ШЫҒАДЫ. НЕГІЗІНЕН ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ІРІ ҚАРА ӨСІРІП ОТЫРҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ СҮТ ӨНІМДЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ ҚАДАМДАРЫН ЖОСПАРЛАП ҚОЙҒАН.

себетін шаруа қожалықтарына электр жарығы тартылады. Кәсіпкерлердің айтуынша, электр қуаты барлық алқапқа су шығарады өрі тиімді болмақ. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев жеке тұрғындардың жайлы-лымдық жерін кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатқанын, сонымен қатар суармалы жерлердің де көбейетінін айтты.

Биыл шалғайдағы ауданда жаңа құрылыстар бой көтереді. «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы арқылы салынып жатқан денешынықтыру және сауықтыру кешеніне республикалық бюджеттен 353 миллион, облыс қазынасынан 50 миллион теңге бөлінген. Құрылыс 11 айда салынып бітуге тиіс. 88 орындық жаңа ғимарат көшеге сөн беріп қана қоймай, іші де заманауи үлгіде жасақталмақ. Бассейн, ойын бөлмелері, спорттық жаттығу залдары болады. 15 ойылдықты жұмысқа тарту жоспарланған. Облыс әкімі жергілікті жастарды осындай жұмыстарға көптеп жұмылдыру керектігін айтты. Аудан орталығының көшелерін көріктендіруге, тротуар салуға, жаңа өлеуметтік нысандардың айналасына тал егіп, абаттандыруға мән беру қажеттігіне назар аударды.

Сонымен қатар облыс басшысы Ойыл ауылдық ғимаратында ашылған «Сервистік өкімдік» қызметімен танысты. «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында бұл жерде тұрғындар мекеме басшыларымен бетпе-бет сөйлесе алады. «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бір орынға шоғырлануы мен «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсету тұрғындардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ойылда аудан азаматтарының демеушілігімен Саз мектебі салынып жатыр. Қазіргі таңда қабырғасы көтеріліп, шатыры жабылып жатқан ғимарат болашақта Ойылдың «Өнер орталығына» айналмақ...

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



— Тәжірибе алу үшін Батыс Қазақстан облысына үш рет бардым. Ол жақта шаруа ретке қойылған. Мен енді сауын сиырларымның санын көбейтпекпін. Әзірге 5 сауыншы-жұмысшым бар. Алдағы уақытта кәсіпімді кеңейтіп, өнімдерімді көрші облыстардың іргелес жатқан аудандарына шығарғым келеді, — дейді шаруашылық басшысы.

Кәсіпкердің бұл ісін құптаған облыс әкімі Оңдасын Сейілұлы үкіметтен алатын жеңілдіктерді тиімді пайдалану қажеттігін, бұған жергілікті өкімдіктің көмектесуі керектігін айтып, ісіне сәттілік тіледі.

Ал аудан орталығындағы мал сою алаңында ет өңдеу цехы іске қосылған. Цех 15 адамды жұмыспен қамтып отыр. «Бастау 2019» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал сою және оның етін өңдеу цехының жобалық құны — 50 миллион теңге. Серіктестік төрағасы Өркен Ақеділ күніне 10 бас ірі қара етін өңдейтінін айтты. Сол жерде аудан шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің көрмесі өтті. Онда жергілікті ет, сүт, ұн өнімдері мен бау-бақша өнімдері қойылды. Бұдан былай Ойылдың өз тарысы, балы, астығы мен бақша өнімдері болады. Өйткені жерге дән



«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ОЙЫЛДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР



Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев атап өткен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру және мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында бүгін Ойыл ауылдық округінің ғимаратында «Ақтөбе адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің аясында «Сервистік өкімдік» ашылды.

Сервистік өкімдіктің ашылуына өңір басшысы Оңдасын Оразалин, Ақтөбе облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Мирлан Мұхамбетов, «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Жанболат Тұртаев пен ауданның бөлім басшылары қатысты.

Ашылып отырған сервистік өкімдіктің басты мақсаты — атқарушы органдар қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету, қызмет алушы азаматтарға қолайлы жағдай қалыптастыру және де шенеуніктермен байланыс кезіндегі сыбайлас жемқорлық төуекелдерін төмендету.

Сонымен қатар, ғимараттың ішінде орналасқан «Азаматтарға арналған үкімет» порталын аудан тұрғындары өз беттерінше пайдаланып, мемлекеттік қызметтер ала алады.

Жергілікті халыққа қажетті мемлекеттік қызметтерді көрсететін мекемелер осы сервистік өкімдікте орналасқан. Бұл кеңседе азаматтарға ыңғайлы жағдай жасауға негізделіп, қысқа уақыт аралығында қажетті қызметті алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тұрғындарға елді-мекеннің әр жерінде орналасқан бөлімдерді іздемей-ақ қажетті қызметтерді бір ғимараттың ішінде алуға мүмкіндік береді.

Естеріңізге сала кетейік, осыған дейін бір ай бұрын орталық аудан өкімшілігі ғимаратында басшылардың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «OPEN-SPACE» форматындағы кабинет ашылған болатын.

Мұнда ақпарат алатын арнайы орын да қарастырылған. Одан бөлек, ғимараттың ішінде халыққа қажетті барлық жағдай жасалған. Яғни, күту залында ыңғайлы орындықтар, ақпараттық теледидар орнатылған.

Жоғарыда аталған форматта өкімдіктердің жұмысын ұйымдастыру ертірлі санаттағы тұрғындар өмірінің салаларындағы, оның ішінде төтенше жағдай режиміне байланысты өзекті мәселелерге көмек пен жауап алуға мүмкіндік береді.

ШАЛҒАЙ АУЫЛДЫҢ ШАТТЫҒЫ

АЛМАГУЛ МЫРЗАҒАЛИЕВА ҚАРАОЙДЫҢ ТӨЛТУМАСЫ. «АРМАН ҚҰЫП» АЛМАТЫ АСПАСА ДА, АҚТӨБЕДЕ ДЕ ӨЗІНІҢ МАҚСАТТАРЫН ОРЫНДАУҒА МҮМКІНДІК ТАПТЫ.



«Еңбектің наны төтті» болатынын жасынан көріп өскен қыз, студент кезінде-ақ ата-анасына қол жайған жоқ. Кеш жатса да, ерте тұрды. Анасынан көргені көдесіне асты. Қай шаруаға да ұқыппен қарайтын бойжеткен өуелі өзінің адал еңбегімен қаланың үлкен ресторандарының аспазы болды. Кейіннен өзінің кәсібін ашты. Кәсібі өрине, тамақ өнеркәсібімен байланысты. Биылғы өлемді шарпыған пандемия жас кәсіпкердің жоспарын 180 градусқа аударып тастады. Сондықтан, бәрін тастап,

бір күнде жиналып туған жері Қараойға келді. Қаланың қым-қуыт тірлігіне көндіккен адам ауылға сия ма? Дереве өзінің сүйікті кәсібін ашуға кірісті. Ауылдағы бұрынғы шейхана мен наубайхананың ғимаратын қолға алып, жеңіл тамақ өнеркәсібін ашуды қолға алды. Қаладағы кәсібін сатып, қаржысын салған кәсіпкердің жоспары көп. Кеше алғашқы ойын орындап, «Food point» ашты. Қуанышын ауылдастарымен бөлісіп, батасын алды. Біз жас кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілейміз!

